**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ**

**Кутжанова Эльмира Доктырхановна**

*«Синтаксис» бойынша 8-сыныптың факультативтік курсына арнап жазылған*

# АВТОРЛЫҚ БАҒДАРЛАМА

УДК 811.512.122
ББК 81.2

**Рецензент:**
ҚР «Инновация» Оқу-әдістемелік Орталығының ғылыми қызметкері, «Ы.Алтынсарин ізбасарлары» ғылыми-тәжірибелік журналының бас редакторы, шебер педагог, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі **А.Н. Тургинбаева**

**Синтаксис** // құрастырушы автор: **Э.Д. Кутжанова** – Жамбыл облысы, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, 2021. – 64 б.

**ISBN 978-801-4500-13-3**

Бұл факультативтік курс бағдарламасы қазақ тіл білімінің синтаксисін 8-сынып оқушыларына терең меңгертуге бағытталып жазылған. Құрастырушы автор 34 сағаттық күнтізбелік-тақырыптық жоспарлауды оқушылардың жас ерекшелігін ескере отырып жасаған.

УДК 811.512.122
ББК 81.2

«Инновация» Оқу-әдістемелік Орталығының 2021 жылғы 26 шілдедегі №2 хаттамасына сәйкес сараптау комиссиясының шешімімен баспаға ұсынылды.

**ISBN**

**978-801-4500-13-3**

© «Инновация» баспа үйі, 2021

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ**
**«ИННОВАЦИЯ» ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫНЫҢ**
**БАСПАСЫНА ҰСЫНЫЛДЫ**

**Рецензент:**
ҚР «Инновация» Оқу-әдістемелік Орталығының ғылыми қызметкері, «Ы.Алтынсарин ізбасарлары» ғылыми-тәжірибелік журналының бас редакторы, шебер педагог, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі **А.Н. Тургинбаева**

**Құрастырушы автор**:
**Кутжанова Эльмира Доктырхановна**
Жамбыл облысы Мойынқұм ауданы
«М.Жұмабаев мектеп-лицейі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

**© «Инновация» баспа үйі, 2021 жыл**

## Түсінік хат

8-сыныпқа арналған «Синтаксис» факультативтік курсының бағдарламасы қазақ тіл біліміндегі синтаксистің орны мен рөлі, маңызы; синтаксистің зерттеу нысандары: сөз тіркесі, тіркесу тәсілдерін ажырату; сөздердің байланысу тәсілдерін; сөздердің байланысу түрлерінің ерекшеліктері; сөйлемнің мағынасына және құрылымына қарай бөліну жолдары; сөйлем мүшелері; сөйлемнің бірыңғай мүшелеріне тән белгілер; төл сөз, төлеу сөз, автор сөзінің ерекшеліктері мен тыныс белгілері туралы түсініктерді негізге ала отырып құрылды. Бұл факультативтік курс балалардың талап-тілегі мен ата-аналардың сұраныстары ескеріле отырып, оқушылардың жеке даму сипатын қамтамасыз етеді.

**Мақсаты:** қазақ тілінің синтаксис саласы бойынша: синтаксистің тіл біліміндегі орны мен маңыздылығын; сөз тіркесінің өзіне тән белгілерін, тіркесу тәсілдерін ажырату; сөздердің байланысу тәсілдерін; сөздердің байланысу түрлерінің ерекшеліктерін білу; сөйлемнің мағынасына және құрылымына қарай бөлінуінің жолдарын айыру; сөйлем мүшелерінің түрлерін айыру; сөйлемнің бірыңғай мүшелеріне тән белгілерді; төл сөз, төлеу сөз, автор сөзінің ерекшеліктері мен тыныс белгілерін ажырата алу; сөйлемге синтаксистік талдау жасай алуға үйрету.

**Міндеттері:**

- қазақ тілінің ұлтымыздың тілі ретіндегі маңызы мен мәнін, қызметін, даму жолдарын таныту;
- оқушылардың тіл туралы түсінігін кеңейту, тілдің қоғамдық-әлеуметтік мәнін, қызметін түсіндіру;
- синтаксистің тіл біліміндегі орны мен маңыздылығын таныту;
- мәтін арқылы танымдық қызығушылығын арттыру;
- оқушылардың тілдік сауаттылығын арттыру, шығармашылық қабілеттерін дамыту;
- сөйлеу мәдениеті талаптарына сай тілдік құзыреттерін қалыптастыру.

**Курс оқу барысында оқушылар білуі керек:** «Синтаксис» курсында меңгерген тақырыптары бойынша жан-жақты ізденіс жұмыстары арқылы өз білімдерін өмірде қолдана алу.

**Курсты меңгеру барысында оқушылардың білім дағдысы:** Тақырып бойынша баяндау, шығарма жазу, өлең шығару, сөзжұмбақтар құрастыру, тест құрастыру, деңгейлік тапсырмалармен жұмыс жасай алу.

**Бағалау критерийлері:** Курсты меңгерудегі бағасы «меңгерді» - «меңгерген жоқ»

**Бағдарлама мазмұны**

8-сынып, аптасына – 1 сағат, барлығы – 34 сағат.

1. **Синтаксис және пунктуация. (3 сағат)**
   Синтаксис. Пунктуация. Сөздердің байланысу тәсілдері мен түрлері.
2. **Сөз тіркесі. (2 сағат)**
   Сөз тіркесі. Сөз тіркесінің құрылысы. Сөз тіркесінің лексико-грамматикалық мағынасы.
3. **Сөйлем. (2 сағат)**
   Сөйлем туралы түсінік. Сөйлемнің түрлері.
4. **Сөйлем мүшелері. (1 сағат)**
   Сөйлем мүшелері туралы түсінік.
5. **Тұрлаулы мүшелер. (3 сағат)**
   Бастауыш пен баяндауыш. Бастауыш пен баяндауыштың байланысы.
   Бастауыш пен баяндауыштың арасына қойылатын сызықша.
6. **Тұрлаусыз мүшелер. (4 сағат)**
   Толықтауыш. Толықтауыштың түрлері және байланысы.
   Анықтауыш. Дара және күрделі анықтауыш. Анықтауыштың байланысы. Пысықтауыш. Пысықтауыштың түрлері және байланысы. Сөйлем мүшесіне талдау тәртібі.
7. **Сөйлемнің бірыңғай мүшелері. (4 сағат)**
   Сөйлемнің бірыңғай мүшелері. Бірыңғай мүшелердің жалғаулық шылаулар арқылы байланысуы. Бірыңғай мүшелердің тыныс белгісі. Жалпылауыш сөздер. Жалпылауыш сөздердің тыныс белгілері. Сөйлемнің айқындауыш мүшелері.
8. **Жай сөйлемнің түрлері. (4 сағат)**
   Жай сөйлемнің түрлері. Жақты және жақсыз сөйлемдер. Жалаң және жайылма сөйлемдер. Толымды және толымсыз сөйлемдер. Атаулы сөйлем.
9. **Құрмалас сөйлемдер. (7 сағат)**
   Құрмалас сөйлем жөнінде түсінік.

Салалас құрмалас сөйлемнің жасалу жолдары туралы түсінік. Ыңғайлас, себеп-салдар салалас құрмалас сөйлемдер. Қарсылықты, түсіндірмелі салалас құрмалас сөйлемдер. Түсіндірмелі, талғаулы, кезектес салалас құрмалас сөйлемдер.

Сабақтас құрмалас сөйлемнің жасалу жолдары туралы түсінік. Сабақтас құрмалас сөйлемнің түрлері.

**10. Аралас құрмалас сөйлем. (2 сағат)**

Аралас құрмалас сөйлемнің жасалу жолдары туралы түсінік. Құрмалас сөйлемнің тыныс белгілері.

**11. Төл сөз бен төлеу сөз. (2 сағат)**

Төл сөз бен төлеу сөз туралы түсінік. Төл сөздің тыныс белгілері. Синтаксистен өткенді қайталау.

**Күнтізбелік-тақырыптық жоспар**
Аптасына – 1 сағат

| № | Сабақтың тақырыбы | Сағат саны | Мерзімі |
|---|---|---|---|
| | **I. Синтаксис және пунктуация.** | | |
| 1 | Синтаксис | 1 | |
| 2 | Пунктуация | 1 | |
| 3 | Сөздердің байланысу түрлері мен тәсілдері | 1 | |
| | **II. Сөз тіркесі.** | | |
| 4 | Сөз тіркесі. Сөз тіркесінің құрылысы. | 1 | |
| 5 | Сөз тіркесінің лексико-грамматикалық мағынасы. | 1 | |
| | **III. Сөйлем.** | | |
| 6 | Сөйлем туралы түсінік. | 1 | |
| 7 | Сөйлемнің түрлері. | 1 | |
| | **IV. Сөйлем мүшелері.** | | |
| 8 | Сөйлем мүшелері туралы түсінік. | 1 | |
| | **V. Тұрлаулы мүшелер** | | |
| 9 | Бастауыш пен баяндауыш. | 1 | |
| 10 | Бастауыш пен баяндауыштың байланысы. | 1 | |
| 11 | Бастауыш пен баяндауыштың арасына қойылатын сызықша. | 1 | |
| | **VI. Тұрлаусыз мүшелер**. | | |
| 12 | Толықтауыш. Толықтауыштың түрлері және байланысы. | 1 | |
| 13 | Анықтауыш. Дара және күрделі анықтауыш. Анықтауыштың байланысы. | 1 | |
| 14 | Пысықтауыш. Пысықтауыштың түрлері және байланысы. | 1 | |
| 15 | Сөйлем мүшесіне талдау тәртібі. | 1 | |
| | **VII. Сөйлемнің бірыңғай мүшелері.** | | |
| 16 | Сөйлемнің бірыңғай мүшелері. | 1 | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | Бірыңғай мүшелердің жалғаулық шылаулар арқылы байланысуы. | | |
| 17 | Бірыңғай мүшелердің тыныс белгісі. | 1 | |
| 18 | Жалпылауыш сөздер. Жалпылауыш сөздердің тыныс белгілері. | 1 | |
| 19 | Сөйлемнің айқындауыш мүшелері. | 1 | |
| **VIII. Жай сөйлемнің түрлері.** | | | |
| 20 | Жай сөйлемнің түрлері. Жақты және жақсыз сөйлемдер. | 1 | |
| 21 | Жалаң және жайылма сөйлемдер. | 1 | |
| 22 | Толымды және толымсыз сөйлемдер. | 1 | |
| 23 | Атаулы сөйлем | 1 | |
| **IX. Құрмалас сөйлемдер.** | | 1 | |
| 24 | Құрмалас сөйлем жөнінде түсінік. | 1 | |
| 25 | Салалас құрмалас сөйлемнің жасалу жолдары туралы түсінік. | 1 | |
| 26 | Ыңғайлас, себеп-салдар салалас құрмалас сөйлемдер. | 1 | |
| 27 | Қарсылықты, түсіндірмелі салалас құрмалас сөйлемдер. | 1 | |
| 28 | Түсіндірмелі, талғаулы, кезектес салалас құрмалас сөйлемдер. | 1 | |
| 29 | Сабақтас құрмалас сөйлемнің жасалу жолдары туралы түсінік. | 1 | |
| 30 | Сабақтас құрмалас сөйлемнің түрлері. | 1 | |
| | **X. Аралас құрмалас сөйлем.** | | |
| 31 | Аралас құрмалас сөйлемнің жасалу жолдары туралы түсінік. | 1 | |
| 32 | Құрмалас сөйлемнің тыныс белгілері. | 1 | |
| **XI. Төл сөз бен төлеу сөз.** | | | |
| 33 | Төл сөз бен төлеу сөз туралы түсінік. Төл сөздің тыныс белгілері. | 1 | |
| 34 | Синтаксистан өткенді қайталау. | 1 | |

## Қысқа мерзімді сабақ жоспары

## №1 сабақ

| Уақыты: | Қазақ тілі | Мұғалім: | Сынып: |
|---|---|---|---|
| **Сабақ тақырыбы:** | Синтаксис | | |
| **Жалпы мақсат:** | а) Сөйлем мен оның түрлері туралы түсінік бере отырып, оқушылардың сабаққа деген қызығушылықтарын арттыру;<br>ә) оқушының тіл байлығын дамыту арқылы тілдік құрылымдарды өз бетінше талдап меңгере білу, іс-әрекет, ізденімпаздық дағдыларын қалыптастыру.<br>б) ой мен тілді дамыту, сөздік қорын молайту. | | |
| **Сілтеме:** | Мұғалімдерге арналған нұсқаулық<br>Қазақ тілі мен әдебиеті пәнін оқыту әдістемесі<br>Үлестірме материалдар | | |
| **Оқу нәтижесі:** | Әр оқушының өзіндік ой-қиялына ерік бере отырып, оқушылардың шығармашылықпен жұмыс істеуіне жағдай жасау | | |
| **Сабақта қолданылатын материалдар:** | Интерактивті тақтамен жұмыс, үнтаспа | | |
| **Оқыту әдістері:** | Оқыту мен оқудағы жаңа әдіс-тәсілдер, оқытуда АКТ-ны пайдалану, сыни тұрғыдан ойлауға үйрету, оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау. | | |

Сабақ барысындағы мұғалім мен оқушының іс-әрекеті:

| Оқушыларға психологиялық ахуал туғызу | Мұғалімнің іс-әрекеті | Оқушының іс-әрекеті |
|---|---|---|
| | | |

| | | |
|---|---|---|
| | Оқушылар назарына «Табиғат тамашалары» видеоролигін ұсынады.  | Пазл арқылы топтарға бөлу |
| **Қызығушылықты ояту** | «Кім жылдам?» тапсырмасы арқылы оқушыларға ұяшықтардың біреуін таңдатады. Осы тапсырмада өткен тақырыптар бойынша жаңа сабақты меңгеруге негіз болатын қайталау сұрақтарын береді. | Талдау, жинақтау, қорыту |
| **Жаңа тақырып** | Сөйлем туралы түсінік. Сөйлем дегеніміз – сөздердің әр алуан тұлғада өзара тіркесіп, біршама тиянақталған ойды білдіруі. Сөйлем адамдардың бір-бірімен түсінісіп, пікір алысуы үшін, қарым-қатынас жасауы үшін қажет.<br>-Оқып жүргеніңді Кенжетай айтып еді.<br>Окуларың бүгін басталды ма?<br>-Бүгін төрт сағат оқыдық. (С.М.)<br>Мұнда екі адам сөйлесіп, қарым-қатынасқа түскен, пікір алысқан. Бұл сөйлесуде біршама тиянақты ойды білдірген үш сөйлем бар. Алғашқы сөйлемде Кенжетайдың айтқаны туралы ой, екіншісінде оқуларының басталған-басталмағанын білуді мақсат еткен ой, соңғысында тыңдаушының оған қайтарған жауабы түріндегі ой берілген. Сөйлем өзімен сырттай ұқсас тілдік құбылыстардан, ең алдымен, коммуникативтік қызметі (қарым-қатынас жасау құралы болу), яғни бірдеңе жайында хабарлау қызметі жағынан ажыратылады. Мысалы, сүт пісірілді деген мен | |

| | |
|---|---|
| | сүт пісіру деген мысалдарды салыстырудан мынаны аңғаруға болады: біріншісінде (сүт пісірілді) бастауыш пен баяндауыштың құрылымдық үлгісі бар, ол бірдеңе жайында хабар беру үшін құрастырылған. Ал екінші мысалдағы синтаксистік құрылым бірдемені атау үшін құрастырылған. Сондықтан біріншісі – сөйлем, екіншісі – сөз тіркесі. Сөз тіркесінде номинативті қызмет болса, сөйлемде хабарлау қызметі бар. Сөз тіркесі сөйлем құраудың материалы болады: сөздер өзара тіркесіп, белгілі синтаксистік қарым-қатынасқа түсіп, сөйлем құрамында жұмсалады.<br>Тілімізде әр түрлі мағыналарды білдіретін, мысалы, сәлем беру, рақмет айту, тілек білдіру, кешірім сұрау (Кеш жарық! Кешіріңіз! Жаңа жылыңызбен! мақұлдау мен теріске шығару (Иә, солай, жарар), әр түрлі эмоцияны білдіру (Бәрекелді! Ойпырмай!), жалпы сұрақты білдіру және оған жауап айту (Бұл қалай? Ештеңе емес, т.б.) сияқты айтылыстар бар. Бірақ бұлар өздігінен мәлімет бере алмайды, сөйлем бола алмайды, өйткені оларға бастауыш-баяндауыштық құрылым тән емес. Сөйлем болу үшін оның грамматикалық негізі, яғни тұрлаулы мүшелері болу керек. |
| **Қосымша** | 1-топ<br>9-жаттығу<br>2-топ<br>10-жаттығу<br>3-топ<br>11-жаттығу<br>12-жаттығу<br>Мәтіндегі сөйлемдердің бастауыш-баяндауыштық құрылымын табыңдар. Осы құрылымның санына қарай сөйлемдердің жай немесе құрмалас сөйлем екенін ажыратыңдар. |

| | | |
|---|---|---|
| **Шығармашылық жұмыс** | Топтастыру   | Оқушылар сұрақтарға жауап береді<br>Білу, түсіну, қолдану.<br>Әр топтың спикері шығып қорғайды |
| **Үй тапсырмасын беру** | 13-14 жаттығулар | Үй тапсырмасын білу, түртіп алу |
| **Бағалау** | Формативті бағалау | Топтардың бірін-бірі бағалауы |
| **Рефлексия** | Сабақтан алған әсерлері мен ұсыныстары туралы қысқаша жаздыру | «Екі жұлдыз, бір тілек» |

# Қысқа мерзімді сабақ жоспары

## №2 сабақ

| | | |
|---|---|---|
| **Күні:** | **Қазақ тілі** | **8-сынып** |
| **Сабақ тақырыбы:** | Пунктуация. Қолданылу негіздері мен қолданылатын орындары. Сөйлем соңында қойылатын тыныс белгілері. Нүкте. Сұрау белгісі. | |
| **Жалпы мақсат:** | Жазба тілдегі тыныс белгілерін дұрыс қоя білу, сауаттылыққа баулу. Жалпы тыныс белгілердің өзіндік ерекшеліктері мен қызметтері әр түрлі болатынын ескере келіп, леп белгісі, үтір, көп нүкте, сызықша, қабаттаса келген сұрау белгісін талдап, олардың қимыл-әрекеттің бәрін қалай білдіріп жандандырғанын тәжірибе жұмыстары арқылы үйрету. | |
| **Сілтеме:** | Нұсқаулық, Қазақ тілі 9-сынып оқулығы «Арман-ПВ», 2013 ж. | |
| **Оқушылар үшін оқу нәтижелері:** | Топта, жұпта жұмыс жасай алады, диалог құрастыра алады. Оқушылар бір-бірлеріне дұрыс сұрақ қоя алады. Сөздік қорлары дамиды. Білімге құштарлықтары ашылады. | |
| **Негізгі идеялар:** | Оқушының өз бетімен ізденуін топтық жұмысқа бағыттау. Сыни тұрғыдан ойлау қабілеттерін арттыру. | |
| **Сабақта қолданылатын ресурстар:** | Нақыл сөздер, суреттер, сызбалар, сергітуге арналған үнтаспа, біріккен сөздерге арналған демонстрациялық материал. | |
| **Оқыту әдістері:** | Сын тұрғысынан ойлау.<br>Топтық жұмыс, диалогтік оқыту.<br>Интерактивті оқыту әдісі.<br>Оқыту үшін бағалау. | 1. Жеке жұмыс<br>2. Топтық жұмыс<br>3. Жұптық жұмыс<br>4. Көшбасшылықты анықтайтын тренинг ойыны |

| | |
|---|---|
| **Дерек көздері:** | қосымша материалдар, ғаламтор. |
| **Қолданылу аясы** | Мәтіндерде, оқулықтарда қолданылады. |
| **Негізгі қызметі** | Айтылған ойды екі ұшты етпей дәл, түсінікті жеткізу. |
| **Қосымша көмекші қызметі** | Мәтінді оқығанда адам көңіліндегі жан дүние өзгерістері мен ым-ишара, кідіріс арқылы берілетін құбылыстарды білдіреді. |

| **Ойлау деңг.** | **Түрткі (сұрақ, тапсырма, жағдаят)** | **Мұғалімнің іс-әрекеті** | **Оқушының іс-әрекеті** | **Бағалау** |
|---|---|---|---|---|
| Ұйымдастыру кезеңі: | - Сыныпта кім жоқ?<br>-Бүгін ауа райы қандай? | 1.Амандасу. Оқушылар-ды түгендеу.<br>2. Жылулық шеңбері | Шеңберге тұрып, жақсы, жағымды сөздерді айту. | Түрлі түсті қағаздарға жазылған сөздер арқылы топқа бөліну. |
| Білу | Мәтінді оқығанда адам көңіліндегі жан дүние өзгерістері мен ым ишара, кідіріс арқылы берілетін құбылыстар-ды білдіреді. Тіл мәдениеті әдеби тіл нормасының қалыптасып, дамуын, | Пунктуация – жазбаша қарым-қатынас жасауға қызмет ететін графикалық таңбалар жиынтығы. Тыныс белгілері дұрыс қойылмаған болса, айтушының көңіл күйі, айтылмақ ойын өз | Сөйлем соңына қойылатын т.б. Даралаушы қызмет атқарады. Сөйлем ішіне қойылатын тыныс белгілер ерекшелеуші қызмет атқарады. Құрмалас сөйлем жігіне қойылатын | Топтың спикері белсенді оқушылар-ды түртіп отырады. Бағалау парағын толтырады. |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | сөйлеу тілімен қарым-қатынасын зерттейтін тіл білімінің саласы. | дәрежесінде жеткізе алмайды. | тыныс белгілер ойдың ара жігін ажырату үшін қызмет атқарады | |
| Түсіну | Қазақ тілінде тыныс белгілерді алғаш рет А.Байтұр-сынов тұжырымда-ды. Ол (-) жинақтау белгісі, (.) НОҚАТ, ҮТІРЛІ НОҚАТ(;), үтір(,), қос нокат (:), сұрау(?), леп белгісі(!), көп нокат(.........), қос тырнақша (“ “) тәрізді тыныс белгілері болатынын, олардың қойылатын орындарын көрсеткен. | **Тыныс белгілері** Сөйлем соңына қойылатын тыныс белгілері Құрмалас құрамында-ғы жай сөйлемдер-дің т.б. сөйлемнің құылымдық ерекшеліктері не сүйене қою-грамматика-лық принцип. Мағыналық бөлік: синтаксистік құрылымы, логикалық мағынасы бар, дауыс ырғағымен ерекшеленеді. | 10 минут уақыт беріледі. Постер құрайды, өз сөздерімен қорғайды. Балалар бір-бірінің жұмыстары-на баға береді. 1-5 баллды айтады. Балалардың жауаптарын тыңдау. Мұғалімнің қосымша сұрақтарына жауап береді. | Бағалау парағын толтырады. |
| Қолдану | Қосымша көмекші | Леп белгісі – өтініш, | Тыныс белгілері және | Топтық бағалаулар |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | қызметі: 1.Енді балаларға «Ым-ишараның бәрін тыныс белгісімен бере алмайтыны-мызды, бірақ сөйлеген сөзіне қойылған тыныс белгілері арқылы көңіл-күй, сезім құбылысын жеткізуге болады» деп түсіндіру. (Оқушыға оқыту, мұғалім өзі оқу). | ескерту, қорқыту, шошыту. Сұрау белгісі – жауап алу, шарасыздық. Көп нүкте – ойдың аяқталмаға-нын, ескерту мәнін білдіреді. -Тыныс белгілері ең алдымен, сөйлемнің грамматика-лық құрылысына байланысты қойылады. Сөйлем – қарым-қатынас жасаудың басты құралы, тиянақталған ой оқушысы ойдың аяқталмаға-нын білуі қажет. Айтушы ойын жәй, құрмалас сөйлеммен де береді. | оларды қолдану жөнінде С.Жиенбаев, Ә.Хасенов, Ф.Мұсабекова Р.Сыздықова т.б. ғалымдардың еңбектері шыққан дәптерге жазу. | жасау, оны талқылау. |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Талдау | ***Сергіту сәті:***<br><br>Тыныс белгілері және оларды қолдану жөнінде С.Жиенбаев, Ә.Хасенов, Ф.Мұсабекова, Р.Сыздықова т.б. ғалым-дардың еңбектері шыққан | -Ал, балалар сергіту сәтін өткіземін, әбден шаршаған боларсыздар. Орнымыздан тұрамыз, -123-жаттығу. Тапсырма-ларды топқа бөліп орындаңдар. І топ. Мәтінді рөлге бөліп оқып, тыныс белгілерінің қандай негізде қойылғанын, олардың қызметін анықтаңдар. ІІ топ. Леп белгісі, сұрау белгісі, қойылған сөйлемдерді теріп жазыңдар. | Балалар орындары-нан тұрып, «Биле, биле» сергітуін жасайды.<br><br>1) Балалар, ғылыми стильдің ережесін айтады, талдайды, мысал келтіреді. Сұрақтарға жауап береді. Қарамен жазылған сөздердің мағынасын ашыңдар. | Белсенді оқушылар-ды бақылап отыру.<br><br>Бағалау парағына жазу. |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Синтез /Жинақ-тау/ | Тыныс белгілерге байланысты жетекші сұрақтар қою арқылы оқушылар-дың алған білімдерін бекіту. | **128-жаттығу.** Тапсырманы топқа бөліп орындаңдар. I топ. Мәтіндерді стилі жағынан салыстырың дар. Әр мәтінге ат қойыңдар.<br>II топ. Қай мәтінде тыныс белгілері көп кездеседі, себебін айтыңдар.<br>III топ. Жер, су атауларын, тарихи тұлға аттарын тауып, жасауына қарай талдаңдар. | Әр оқушы алған рөлді, эмоциямен орындаула-ры керек. | Топтардың бірін-бірі бағалауы. Мұғалім өз бағасын жасайды. |
| Бағалау | «Алақан» рефлексия | **Бас бармақ** – бұл керемет, маған ұнады.<br>**Балан үйрек** – бұл жерде ахуал бар.<br>**Ортан терек** – мүлдем маған ұнамады. | Әр топтан бір-бір оқушы тұрып, рефлексия-ны оқып береді немесе мұғалімге тапсырады. | Рефлексия ны қарау, қорытынды жасау. |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | **Шылдыр шүмек** – бұған көңіл аудару керек. **Кішкене бөбек** – маған жетпей қалды. | | |

## Қысқа мерзімді сабақ жоспары

## №3 сабақ

**Сабақ тақырыбы:** Сөздердің байланысу тәсілдері мен түрлері
**Сабақтың мақсаты:**

1. **Білімділік:** Өткен тақырыптар бойынша жаттығулармен жұмыс жүргізе отырып, оқушылардың алған білімдерін пысықтау.
2. **Дамытушылық:** Оқушылардың ауызша және жазбаша тілдік стильдерін дамыту, ойлау өрістері мен дүниетанымдық көзқарас шеңберлерін кеңейту. Шығармашылық іскерліктерін арттыру.
3. **Тәрбиелік:** Жақсы қасиеттерге, адамгершіліктерге баулу. Жақсы оқып, үлгілі, білімді болуға, достықта адал болуға шақыру.

**Пәнаралық байланыс:** орыс тілі, әдебиет.
**Сабақтың көрнекілігі:** сызбалар, суреттер, кестелер, тақта, бор, кітап.
**Сабақтың түрі:** білім жинақтау сабағы
**Сабақта қолданылатын әдіс-тәсілдер:** СТО технологиясы
Қызығушылығын ояту:
1. Ұйымдастыру кезеңі:

А) амандасу
Ә) кезекші диалогі




**I. «Білемін» бөлімінде:**
Өткен тақырыптарға шолу сұрақтар мен деңгейлік тапсырмалар болады.
**Қайталау сұрақтары:**

1. Қазақ тілінің қай саласын өтіп жатырмыз?
2. Синтаксис нені зерттейді?
3. Сөз тіркесі дегеніміз не?
4. Сөз тіркесінің айрықша белгілерін ата!
5. Сөз тіркесінің түрлерін ата!
6. Сөз тіркесі бола алмайтындар?
7. Олардың бір-бірінен айырмашылығын ата!
8. Сөз тіркесінің лексикалық-грамматикалық мағынасын ата!
9. Сөздердің байланысу тәсілдерін ата!
10. Сөздердің байланысу түрлерін ата!

**Деңгейлік тапсырмалар:**
I деңгейге: Синтаксистік қатынастарды тауып талдау.
II деңгейге: Жанасу, қабысу, меңгеруді тапқызып талдау.
III деңгейге: Матасуды табу.
Шоң жолшыбай Баянауылға соқты. Потанин биді көк көзі

күлімдеп қарсы алды. Амандықтан соң Шоң төңірегіне көз салды. Былтырғыдан гөрі құрылысқа елеулі ештеңе қосыла қоймағандай. Екі үйдің іргесі көтеріліпті. Олардың қатарынан бес-алты адам тағы жер қазып жатыр. Биіктігі алтыбақандай төрт аяқты тұғырлар үстінде бөренені тақтайға тіліп жатыр. Анадай жердегі қалқан астында сүргіленген тақтайларды жеке қалап қойыпты.

**II. «Зерттей аламын».**

**Суретпен жұмыс.**

**III. «Білгім келеді» бөлімінде:**

1. **Тест сұрақтары.**
2. **Венн диаграммасы**

**Тест сұрақтары:**

1. Етістіктің тіркесін тап.
A) Жақсының ашуы. C) Жаманның ашуы
B) Басы жеткенше D) Жаманның басы

2. Тұрақты сөз тіркесін тап:
A) Дархан дала C) Мұзға отырғызып кету
B) Ғұмырнама D) Кедей-кепшік

3. Толықтауыштық қатынасты тап.
A) Пайда ойлама – ар ойла. C) Тағы да келді.
B) Өзің үшін үйрен D) Түс ауа қозғалды.

4. Қандай байланыс түрі : Мен естідім.
A) Матасу C) Қиысу
B) Жанасу D) Меңгеру

5. Меңгеруді тап:
A) Сынға түсті C) Аман келді
B) Біздің өлке D) Кең дала

6. Байланыс түрлеріне қатысты талдаудың қайсысы дұрыс емес?
A) Тоғыз адам – қабысу C) Оқуға лайық – меңгеру
B) Кең бөлме – жанасу D) Алатаудың Жамбылы - матасу

7. Берілген ретінде қарай сөз тіркестерінің байланысу түрін анықта: Ағаштың бұтағы, хат алу, қалың орман.
A) Матасу, қабысу, жанасу C) Қабысу, меңгеру, жанасу
B) Меңгеру, қиысу, қабысу D) Матасу, меңгеру, қабысу

8. Есімді тіркесті тап.
A) Үлкен үй. C) Тағы да келді.
B) Он шақты. D) Онға жуық.

9. Анықтауыштық қатынасты тап.

A) Асығып сөйледі C) Бұлардың жағдайлары
B) Балуанмен күресті D) Ғалымнан басқа

10. Пысықтауыштық қатынасты тап.

A) Жаман әдет C) Қатты қағаз
B) Жақтырмай қарау D) Жылқыны бағу.

**Венн диаграммасы**

ұқсастығы




**IV. «Білдім» бөлімінде:**

I . Сөз тіркестерін жаз.
II. Жаттығулар:
1. Түрлері
2. Синтаксистік қатынас түрлері
3. Сөздердің байланысу түрлері

**I. Сөз тіркестерін жаз.**

| I қатар | II қатар | III қатар |
|---|---|---|
| **«Ойлан»** | **«Тап»** | **«Ізден»** |
| 1. Зат есім+зат есім | 1. Есімдік+зат есім | 1. Үстеу+етістік |
| 2. Сын есім+зат есім | 2. Септеулік шылау + етістік | 2. Сын есім + етістік |
| 3. Сан есім+зат есім | 3. Зат есім+етістік | 3. Сан есім + етістік |

**II. Жаттығулар. 1. Түрлері.**

| № | Мысалдар | Сөз тіркесі | Тұрақты тіркестер | Күрделі сөздер |
|---|---|---|---|---|
| 1. | Қара торы. | | | |
| 2. | Кетіп қалды. | | | |
| 3. | Үйде қалды. | | | |
| 4. | Сары ала қой. | | | |
| 5. | Жұмған аузын ашпау. | | | |
| 6. | Он сегіз. | | | |
| 7. | Жетпіс жыл. | | | |
| 8. | Асығып-үсігіп келді. | | | |
| 9. | Сіркесі су көтермейді. | | | |
| 10. | Мөлдір су. | | | |

**2. Синтаксистік қатынас түрлері.**

| № | Сөз тіркесі | Анықтауыш-тық қатынас | Толықтауыш-тық қатынас | Пысықтауыш-тық қатынас |
|---|---|---|---|---|
| 1. | Ажардың анасы. | | | |
| 2. | Шеберлікке үйрену. | | | |
| 3. | Ақша бұлт. | | | |
| 4. | Ертемен тұру. | | | |
| 5. | Қаладан келді. | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 6. | Сексен метр. | | | |
| 7. | Балаларға айттым. | | | |
| 8. | Гүрілдеген трактор. | | | |
| 9. | Орманға жақындау. | | | |
| 10. | Екеуміздің жолымыз. | | | |

**3. Сөздердің байланысу түрлері.**

| *№* | *Мысалдар* | *Қиысу* | *Матасу* | *Меңгеру* | *Қабысу* | *Жанасу* |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1. | Алғашқы ойлар. | | | | | |
| 2. | Қашықтық еңбегі. | | | | | |
| 3. | Уақыттан озған. | | | | | |
| 4. | Сендер сөйлеңдер. | | | | | |
| 5. | Былтыр тапсырды. | | | | | |
| 6. | Әлсін құлақ түреді. | | | | | |
| 7. | Білгенге маржан. | | | | | |
| 8. | Екі дос. | | | | | |
| 9. | Біздің ауыл. | | | | | |
| 10. | Сен таныссың. | | | | | |

## Сөзжұмбақ шешу

1. Баланың әкесі. Қандай тіркес?
2. Меңгерудегі жоқ септік.

3. Пысықтауыштық және толықтауыштық қатынас ұқсастығы.
4. Бағыныңқы сыңарға сұрақ қой: менде бар?
5. Сөздің мағынасын зерттейтін сала.
6. Жіктік жалғауының 2-ші жағы.

**Үйге тапсырма:**
«Сүйікті пәнім» тақырыбында мәтін жазу.
Жанаса байланысқан сөз тіркестерінің астын сызу.

# Қысқа мерзімді сабақ жоспары

## №4 сабақ

| **Пәні: қазақ тілі** | Мерзімі: | Сыныбы: | Мұғалім: |
|---|---|---|---|
| Сабақтың атауы | **Сөз тіркесі** | | |
| Мақсаты | Оқушыларға сөйлемдегі сөздердің мағыналық тұлғалық жағынан өзара байланысты болатынын түсіндіру.<br>Сөз тіркесіне сұрақ қоя білуге дағдыландыру. Бірігіп жұмыс жасауын ұйымдастыра отырып, сауатты жазуға баулу | | |
| Күтілетін нәтиже | Сөз тіркестерін ажырата біледі. Сөздік қоры молаяды, қызығушылығы артады. Сөз мағынасын түсіне біледі, әдеби тілде сөйлей білуге машықтанады. | | |
| Сабақтың әдіс-тәсілдері | Сұрақ – жауап, әңгімелеу, талдау, ажырату, дәлелдеу, ізденушілік | | |
| Ресурстар | кесте, суреттер, қималы карточкалар. | | |
| Психология-лық ахуал<br>3 минут | Қазақ тілім - өз тілім,<br>ана тілім,<br>Абай, Мұхтар сөйлеген<br>дана тілім,<br>Қастерлейді ұл-қызың<br>мәңгі сені,<br>Болашағым бақытым<br>дара тілім | Оқушылар шеңберде жиналып, мұғаліммен бірге бүгінгі сабаққа сәттілік тілейді. | |
| Қызығушылықты ояту (5 минут) үй тапсырмасын тексеремін. Сұрақтарға жауап береді.<br>«Нақты сұрақ, дәл жауап»<br>Мәтін дегеніміз не?<br>Мәтін құрамындағы сөйлемдердің орнын ауыстырып айтуға бола ма?<br>Мәтін бөліктері қалай жазылады?<br>Мәтіннің қандай түрлері бар? | | | |

| | | |
|---|---|---|
| Сергіту сәті<br>2 минут | Иіліп оңға бір, иіліп, солға бір.<br>Жаттығу жасаймын.<br>Оң аяқ, сол аяқ, оң аяқ , сол аяқ<br>Жаттығу оңай-ақ. | Ой сергітеді, шаршағандары басылады |
| Мағынаны тану<br>20минут | **2 жаттығу.**<br>Бағанның оң жағындағы сөздердің байланысын сұрақ қойып анықтау.<br>Бағанның сол жағындағы сөздерден өзгешелігі неде?<br>Тау,биік, семіз, қой, оқушы, \| биік тау, семіз қой, жеті оқушы,<br><br>жеті, тез, кел, директор, мектеп \| тез кел, мектептің директоры.<br>**Ой түйеміз.**<br>**Бұл сөз тіркесі, өйткені толық мағыналы сөз тобы, сөздер бір біріне бағына байланысқан, сөйлем құрамына дайын күйінде кіре алады.**<br><br>**Жұптық жұмыс. 3- жаттығу.** Сөз тіркестерін оқып, мағынасын түсіндір.<br>Жібек орамал, өзеннің жағасы, жуас ат, сөздің мағынасы, қалың қарағай, кең сарай, оқушының құралы, Жәнияның әжесі, ауыр жүк.<br>Зат есім+Зат есім<br>Сын есім+Зат есім<br>Дәптермен жұмыс.<br>Өзің қалаған тіркестерді қатыстырып үш сөйлем құрап жаз. Сөйлемдегі сөздердің байланысын сызбамен көрсет.<br>Үлгі. Асқардың әкесі ауыр жүк тасиды.<br>**Жеке жұмыс. 4- жаттығу.** Мақалды оқып, жатқа жазады.<br>Өтірік сөз өрге баспас.<br>Сөз тіркестерін сызбамен көрсетеді. Сөз тіркестері екенін дәлелдейді.<br>Сәйкестендіреміз.<br>**Топпен жұмыс. 5 жаттығу.** Сәйкестендіреміз. | |

<table>
<tr><td colspan="2"></td><td colspan="2">бес сөйлеу үш жинау жылдам сағат тез жаңғақ ақырын ай он алты келу<br>Топтарға жұмыс<br>Алауыз – бірлігі жоқ.<br>Ала көзімен атты – жек көрді.<br>Арасынан қыл өтпейтін – тату, дос.<br>Бес аспап – өнерлі.<br>Төсек тарту – сырқаттану.<br>Көзі ашық, көкірегі ояу – білімді, көргені бар.<br>Көз бояушылық – алдау, арбау.<br>Ағынан жарылды – ештеңені жасырмай.<br>Ақ саусақ – еріншек.<br>Екі иығына екі кісі мінгендей – денелі.<br>қолы ашық – жомарт.<br>Көз шырымын алу - ұйықтау.</td></tr>
<tr><td colspan="2">Ой толғаныс<br>10минут</td><td colspan="2">Тестпен жұмыс.<br>1. Сөз тіркестерін тап.<br>А) ауырды тісі. Б) ауыр тіс. Ә) тіс ауыр.<br>В) тісі ауырды<br>2. «Жақсы көреді» тіркесі қай сөйлемде сөз тіркесі болады?<br>А) Ол кітап оқуды жақсы көреді.<br>Ә) Оның көзі алыстағыны жақсы көреді.<br>3. Сөз тіркестерін белгіле.<br>А) қоңыр ала сиыр Ә) қоңыр ала<br>4.Қайсысы сөз тіркесі?<br>А) қып-қызыл Б) қоңыр қызыл көйлек.<br>Ә) қызылды-жасылды. В) алқызыл.</td></tr>
<tr><td>Үйге тапсырма</td><td rowspan="3">5 минут</td><td>7- жаттығу. «Менің Отаным – Қазақстан» тақырыбына әңгіме құрау</td><td>Күнделіктеріне жазып алады.</td></tr>
<tr><td>Бағалау</td><td><u>Оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау</u></td><td>Бағалау парақшасын толтырады.</td></tr>
<tr><td>Кері байланыс</td><td>Балалар,бүгін біз не үйрендік?<br>Сөз тіркесі дегеніміз не?<br>Оларды бір-бірінен қалай ажыратамыз?</td><td>Сабақтан алған әсері жайында әңгімелейді</td></tr>
</table>

## Қысқа мерзімді сабақ жоспары

### №5 сабақ

**Сабақтың тақырыбы:** Сөз тіркесінің лексико-грамматикалық мағынасы.

**Сабақтың мақсаты:**

**Білімділік** – оқушыларға сөздердің грамматикалық байланысы туралы түсінік беру, сабаққа деген қызығушылығын арттыру.

**Дамытушылық** – оқушылардың іскерлігі мен біліктілік дағдыларын жетілдіре отырып, ойлау қабілетін, сөздік қорын дамыту;

**Тәрбиелігі:** оқушыларға туыстық атаулар туралы ұғым бере отырып, алыс-жақынын тани білуге шақыру.

**Сабақтың түрі:** аралас сабақ

**Оқыту әдісі:** талдау, сұрақ-жауап, шығармашылық ізденіс, кітаппен жұмыс.

**Пәнаралық байланыс:** қазақ әдебиеті.

**Сабақтың көрнекілігі:** үлестірмелі кеспе қағаздар, деңгейлік тапсырмалар т.б.

**Сабақтың барысы.**

**а) Ұйымдастыру кезеңі:** Оқушылармен амандасу, түгелдеу, оқу құралдарын тексеру. Сыныптың тазалығына назар аудару

**ә) Үй тапсырмасын пысықтау**: Үйге берілген жаттығуды тексеремін. Өткен сабақтарды қалай меңгергенін білу үшін оқушыларға кеспе қағаздар үлестіріп, жауап талап етемін.

**б) Жаңа сабақты түсіндіру:** Сөздер ойды білдіру үшін бір-бірімен белгілі грамматикалық байланысқа түсіп, сөйлем құрайды. Сөйлемдегі сөздердің бір-бірімен грамматикалық байланысы әр түрлі болуы мүмкін, сөздер бір-бірімен белгілі тәсіл арқылы байланысады. Мысалы: *Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін* деген сөйлемдегі *мен жазбаймын, ермек үшін жазбаймын* болып сөздер бір-бірімен байланысқа түскен. Осы сөйлемдегі сөздерді байланыстырып тұрған тұлғаларды алып тастасақ, сөйлем түсініксіз болып қалар еді. *Мен жазбаймын өлең ермек.* Осыдан көрінетіндей, біріншіден, мағыналық жағынан бір-бірімен сәйкес, үйлес сөздер ғана байланыса алады. Екіншіден, сөздер белгілі бір амал-тәсілдер арқылы байланысады.

**Жаттығумен жұмыс:** 233-жаттығу. Көшіріп жазып, сөйлемдегі сөздерді бір-бірімен грамматикалық байланысына қарай бөлек-бөлек көшіріп жазыңдар.

***Үлгі:*** Оспан кіріп келді,сырттан кіріп келді, сөйткенше кіріп келді.

**Тақтамен жұмыс:** Тақтаға бірнеше сөйлем жазып синтаксистік, морфологиялық талдау жасайды.

**Білімді бекіту**: Оқушылардың түсінбеген сұрақтарына жауап беремін. Өткен тақырыпқа байланысты бірнеше сұрақтар қоямын.

1. Грамматиканың синтаксис саласы нені қарастырады?
2. Сөйлем құрауда сөздердің бір-бірімен грамматикалық байланысқа түсуінің орны неге ерекше?
3. Тіл білімі неше салаға бөлінеді?

**Бағалау:** Оқушылардың сабаққа жақсы қатысып отырғандарына қарай білімдері бағаланады.

**Үйге тапсырма** : 234-жаттығу.

## Қысқа мерзімді сабақ жоспары

### №6 сабақ

**Сабақтың тақырыбы: Сөйлем**
**Сабақтың мақсаты: Сөйлем туралы түсінік**
**І. Білімділігі:** Оқушылардың білім-білік дағдыларын қалыптастыра отырып, сөйлем, сөйлем мүшелері, сөйлем түрлерімен таныстыра отырып, олардың айырмашылығымен топтастыру, сұраулы сөйлем, хабарлы сөйлем, лепті сөйлем туралы білімдерін толықтыра отырып, айтылу мақсатына қарай сөйлемдердің түрлерін анықтау.
**ІІ. Дамытушылығы**: Оқушылардың есте сақтау қабілетін, ой-өрісін, шығармашылығын, сөздік қорын, сөйлеу мәдениетін, өз ойын толық жеткізе білуге үйрете отырып, әрбір оқушының жеке даралығын дамыту, тәрбиелеу.
**ІІІ. Тәрбиелігі**: Ұжымшылдыққа, адамгершілікке, тазалыққа, ұқыптылыққа, әдептілікке, білімпаздыққа жетелеу.
**Сабақтың түрі:** Аралас сабақ.
**Сабақтың әдіс-тәсілдері**: Сұрақ-жауап, әңгімелеу, түсіндіру, баяндау, талдау.
**Көрнекілігі**: қима қағаздар, карточкалар, плакаттар және т.б.
**Пәнаралық байланыс:** Әдебиеттік оқу, еңбекке баулу.
**Сабақ барысы.**
**І. Ұйымдастыру кезеңі.**
**Психологиялық дайындық.**
Толықсыған дәні бар,
Мамырланған малы бар,
Қыран қанат әні бар,
Қазақстан келбеті
Елтаңбадан танылар.
**ІІ. Үй тапсырмасын тексеру.**
Жұмыстың жүргізілуіне қарай топтастырып отырғызу

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| І-топ | | ІІ-топ | | ІІІ-топ |

**Суреттер қима түрінде қиылған.**
Әрбір оқушы өзі ұнатқан түсті таңдайды.

Үйге не берілді?

Сөз тіркестерін теріп жаз.

Үй тапсырмасын оқыту. Тексеру.

Екі немесе бірнеше сөздің бір-бірімен байланысуын не дейміз? (сөз тіркесі).

Сөз тіркесінде алдыңғы сөз бағыныңқы соңғы сөз басыңқы болады.

**Қане, онда мысал келтірейік.**
**Сергіту сәті**
Біз балдырған айдаймыз

Уықтарды байлаймыз.

Керегені қалаймыз

Жаңа сабақ бастаймыз.

**Жаңа сабақ.**
Ребусты шеш.

,,,,      ,,,      ,,      ,, ,,      ,,,      , , ,  , ,

Сағат   өрік   йод   балық   есік   машина

**Ой шақыру.**
3-топ талдап, дәлелдеп шығады.

Сұрақ-жауап алып,одан әрі қарай білімдерін дамыту.

- Сұраулы сөйлем дегеніміз не?

- Хабарлы сөйлем дегеніміз не?

- Лепті сөйлем дегеніміз не?

**Дәптермен жұмыс.**
Көркем жазу. Тт

Есте сақтау.

Жаңбыр, жапырақ, қайық, тау, күн, құс, құмырсқа, арыстан, кітап, ұлу.

**Оқулықпен жұмыс.**
**1-жаттығу. Ауызша орындату. Сөйлемдерді оқы. Айтылу мақсатына қара сөйлемнің қай түрі екенін анықта.**
Тотықұстың көзінің салмағы миынан екі есе ауыр болады. Адамның әдептілігі оның сөзінен байқалады. Сауыт – ерте кездегі батырлар киетін қорғаныш киім. Теріскен – далада өсетін өсімдік түрі. Бал – өте пайдалы тағам.

Топпен жұмыс.

2-жаттығу.

Сөйлемдерді айтылу мақсатына қарай түрлеріне бөліп жаз.

| I - Топ | II - топ | III - топ |
|---|---|---|
| Хабарлы сөйлем. | Сұраулы сөйлем. | Лепті сөйлем. |

**Хабарлы сөйлем.**
Атасы жолаушылап кетті. Әсет оны күтіп жүр. Атасы Әсетке ойыншық әкелді. Әсет ойыншығын алып, көрші Мұратқа келіп, жүр бірге ойнайық деді.

**Сұраулы сөйлем**.
Бұл жолы не әкелер екен?

Енді не істеймін?

**Лепті сөйлем**.
- Алақай, атам келді!

Бір күн де ойнамай сындырғаныма атам ұрсатын болды-ау!-деп Әсет қатты қынжылды.

**Сергіту сәті /Табиғат/**
Табиғат тіршіліксің тұнып тұрған

Сен күнсің,көтерілген күліп қырдан

Сен көлсің, сен ормансың , сен бұлақсың

Адамды сұлулыққа құнықтырған.

**Көру диктанты.**
Қала, бидай, мал, елтаңба, ту, шаңырақ, бүркіт, бәйтерек, мақта, өзен.

**Тақтамен жұмыс.**
1. Хабарлы сөйлем
2. Сұраулы сөйлем
3. Лепті сөйлем
Сұраулы сөйлемдерді хабарлы сөйлемдерге айналдырып, мақал етіп жаз.

Береке көзі бірлікте
ме?

Ат адамның қанаты ма?

Отан оттан да ыстық па?

**Үлестірмелі қима қағаздарымен жұмыс.**
Ұйқасын тап.

I. топ

Еңбек сүйгіш---------------------------------- /құмырсқа/

Ерте шығып ----------------------------------/ жұмысқа/

II. топ

Жазда астық--------------------------------/тасиды/
Толтырады ас --------------------------------/үйді/

III. топ

Қыстай тыныш-----------------------------/жатады/
Рахатқа-------------------------------------/батады/

**Қорытындылау.**
**Ойын. Бинго.**
**Бинго сұрақтары.**
1. Бірдеңенің жайын хабарлау мақсатында айтылатын сөйлем түрі.
2. Екі немесе бірнеше сөздің бір-бірімен байланысуын ата.
3. Заттың сапаның санның қимыл атауы.
4. Сөз неден құралады?
5. Жауап алу мақсатында айтылатын сөйлем.
6. Заттың қимыл іс әрекетін білдіретін сөз табы.
7. Аяқталған ойды білдіреді.
8. Адамның көңіл күйін білдіретін сөйлем түрі.

**Бағалау.**
**Үйге тапсырма. 5-жаттығу.**

# Қысқа мерзімді сабақ жоспары

## №7 сабақ

| | | |
|---|---|---|
| **Сабақ** : | | |
| **Күні:** | **Мұғалімнің аты-жөні:** | |
| **Сынып:** | **Қатысқандар саны:** | **Қатыспағандар саны:** |
| **Осы сабақ арқылы жүзеге асатын оқу мақсаттары:** | 2. 3.8.1. Сөйлем түрлерін айтылу мақсатына қарай ажырату және сәйкес тыныс белгілерін қолдану. | |
| **Бағалау критерийлері:** | **Барлық оқушылар орындай алады:** Сөйлем түрлерін айтылу мақсатына қарай анықтау және тыныс белгілерін атайды. | |
| | **Оқушылардың көпшілігі орындай алады**. Сөйлем түрлерін айтылу мақсатына қарай тыныс тыныс белгілерін қолданады, сәйкестендіреді. | |
| | **Кейбір оқушылар орындай алады:** Сөйлем түрлерін айтылу мақсатына қарай тыныс тыныс белгілерін түсіндіреді, дәлелдейді. | |
| **Тілдік мақсат:** | **Оқушылар орындай алады:** Сөйлем құрастырады.<br>Сурет бойынша сөйлем құрастырады.<br>Сөйлем соңына тиісті тыныс белгілерін қояды.<br>Семантикалық карта толтырады.<br>«Мен саған, сен маған» ойыны бойынша тапсырмалар орындау. | |
| | **Түйінді сөздер мен сөз тіркестері:** Леп белгісі, сұрақ белгісі, нүкте, үш тілділік. | |
| | **Сыныптағы диалог/жазылым үшін сай келетін тіл стилі:** ауызекі сөйлеу, ғылыми стиль, пәндік стиль. | |
| | **Талқылауға арналған сұрақтар:**<br>Берілген сөйлемді қандай дауыс ырғағымен оқуға болады?<br>Осы сөйлемдер туралы не айтуға болады?<br>Лепті сөйлем туралы не айтасың?<br>Хабарлы сөйлемге қандай мысал келтіресің?<br>Сұраулы сөйлем қандай мақсатта айтылады? | |
| | Не себепті ... деп ойлайсыз? Неліктен сұраулы сөйлем | |

| | |
|---|---|
| | деп атаймыз?<br>Не себепті лепті сөйлемді көтеріңкі дауыспен оқимыз?<br>Не себепті қосудың ауыстырымдылық қасиеті деп атаймыз? |
| | **Ишара:** бас изеу, жымию, арқасынан қағу. |
| **Алдыңғы оқу** | Бас әріп пен кіші әріптің биіктігі мен мөлшерін сақтап, оларды байланыстырып, көлбеу және таза жазу. |

| Жоспарлан-ған уақыт есебі. | Жоспарланған жаттығу түрлері (төмендегі жазбаларды сіз жоспарланған жаттығу түрлерімен ауыстырыңыз) | Дескриптор | Ресурстар |
|---|---|---|---|
| **Басы** | Ұйымдастыру.<br>Психологиялық ахуал.<br>Қуанамын мен де,<br>Қуанасың сен де.<br>Қуанайық бәріміз ,<br>Арайлап атқан күнге.<br><br>Топқа бөлу. Сандар арқылы.(Леп белгісі, сұрақ белгісі, нүкте) | | АКТ |
| **Ортасы** | Мағынаны тану.<br>Сурет бойынша жұмыс жасайды.<br>Сөйлем құрастырады.<br>Дауыс ырғағы бойынша құраған сөйлемдерін оқиды.<br>Айтылу мақсатына қарай сөйлем түрлерін ажыратады.<br>Сөйлем соңына тыныс белгісін қой.<br>Дәптермен жұмыс. (Берілген үлгіні жаз)<br>Жаттығу жұмысын орындау.<br>**Ширату жаттығуы.**<br>**Топ бойынша жұмыс.**<br>**1- Топ Хабарлы сөйлем.** | Сурет бойынша жұмыс жасайды.<br>Сөйлем құрайды.<br><br>Сөйлем түрлерін ажыратады.Соңына тыныс белгісін қояды<br>Дауыс ырғағын | Сурет, АКТ<br><br>Дәптер, оқулық.<br><br>Қима қағаздар. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | 2- **Топ Лепті сөйлем.**<br>3- **Топ Сұраулы сөйлем.**<br><br>Семантикалық карта. 1- 2-3- топ.<br>Топ бойынша жұмыс.<br>Ортақ тақырып. Менің отбасым.<br>1- Топ- Ана.<br>2- Топ - Ата<br>3- Топ- Аға айтылу мақсатына қарай үш сөйлем құрап жазу.<br><br>Менің отбасым шағын әңгімке құрап айту.<br>(Хабалрлы ,сұраулы, лепті сөйлем)<br>Отбасы, туыс туралы мақал – мәтелдер айту.<br>Сәйкестендіру тест орындау. | келтіріп оқиды.<br><br>Сөйлемдер құрастырады, дәлелдейді.<br><br>Хабарлы ,лепті, сұраулы сөйлемдер құрастырады.<br>.<br>Әңгіме құрастырады.<br>Мақал-мәтелдер айтады.<br><br>Тест орындайды. | Қима қағаздар, бор, маркер.<br><br>Мақал-мәтелдер.<br><br>АКТ |
| **Соңы** | Аялдама ойыны .Сөйлемдер құрастыру<br><br>Бағалау .<br>Желкенді қайық.<br>Қызыл - түсініксіз.<br>Жасыл- түсінікті.<br>Сары түс- сұрақ. | Сөйлемдер құрастырды. Сұрақтар қойды.Салыс тырды, ажыратты, дәлелдеді. | Түсті маркер. |
| **Рефлексия.** | | | |

## Қысқа мерзімді сабақ жоспары

## №8 сабақ

| Пәні: | Күні: | Мұғалімнің аты-жөні: |
|---|---|---|
| **Сабақтың атауы** | ***Сөйлем мүшелері*** | |
| **Жалпы мақсаты** | Сөйлем мүшелері жайлы жалпы түсінік беру, таныстыру; олардың түрлерін ажырата білуге бағыт- бағдар беру, ойлау, есте сақтау, өз ойларын еркін, нақты жеткізуге дағдыландыру; оларды бір-бірлерін сыйлай білуге,ұйымшыл болуға баулу. | |
| **Міндеттер:** | 1.Сөйлем мүшелері жайлы түсініктерін, тапсырмаларын орындау арқылы білімдерін толықтыру;<br>2.Сөйлем мүшелерін ажыратуға тапсырмалар орындау арқылы оқушының логикалық ойлауын жетілдіру; талдау, саралау, қорытынды жасай білу, дағдыларын қалыптастыру<br>3.Оқушыларды қамқор, ұйымшыл, бір- бірлерін тындай білуге баулу. | |
| **Мұғалім үшін оқу нәтижелері** | 1.Оқушылардың бірін-бірі оқытуы арқылы аталған тақырыпты меңгеріп шығу<br>2.Мұғалім оқуға бағыттап отыру<br>3.Оқушылардың өзін және достарын бағалау мүмкіндіктерін жасау | |
| **Сабақта туындаған негізгі идеялар** | 1.Оқушының өмірдегі біліміне, білетініне сүйену<br>2.Жаңа теориялық ақпаратты беру арқылы оқушыға жаңа ойлау дағдысын, мәнерін, амалдарын қалыптастыруға ықпал жасау<br>3. Проблемалық сұрақтарды шешуге итермелеу, сто арқылы ойларын ақыл – ойларын дамыту | |
| **Күтілетін нәтиже** | 1.Сөйлем мүшелерінің түрлері жайлы туралы білімдерін тереңдету<br>2.Жаңа теориялық ақпаратты өткен, алдағы тақырыптармен байланыстыра білу.<br>3. Жаңа сабаққа үлкен қызығушылық тудыру; | |

| **Оқытуға арналған** | **Балаларға** | **Оқыту** |
|---|---|---|

| **мектептің жалпы қабылданған ғылыми стандартын анықтау** | | **арналған идея немесе идеяны балалар қалай ұғынды?** | **сұранысын анықтау. Оқыту қажеттілікте-рін анықтаңыз?** |
|---|---|---|---|
| а) Түйінді тұжырымдамаңы идеяларды анықтау | Білім мәнін қарау, тақырыпты түсіну, өз ойларын ашық жеткізуіне дағдыландыру | Оқушылар әр күн сайын қандай идеяларды пайдаланды? | Сабақта алған білімдерін күнделікті өмірде қолдана білу, тапсырмаларды орындауда қиындықтар туғызбау |

**Тақырыбы: Сөйлем мүшелері**

| | | | |
|---|---|---|---|
| Сөйлем мүшелері туралы түсініктерінің қалыптасуы | Сөйлем мүшелерінің түрлерін анықтау | Сөйлем мүшелеріне қатысты тапсырмалар орындау | -Сөйлем мүшеле рінің ережеле рімен танысу, түрлері -ерек-шелігі |
| Сөйлем мүшесі жайлы жалпы түсінік | Тапсырмалар, көрнекіліктер | Түрлерін ажырату | Жоғары дағыдай |

**Сабақтың жүргізілуі бойынша мұғалімнің жазбалары: Мұғалім немен айналысады және оқушылар немен айналысады.**

Оқушыларды ұйымдастыру

сәлемдесу 0,5мин

**Сәлемдесу**.

Білер қазақ баласы,
Сәлем- сөздің анасы.
Алдымызда отырған,
Қонақтарға ізетпен,
Біздер сәлем береміз!

***Қызығушылықты оятуға дайындық кезеңі***

<table>
<tr><td colspan="2">Психологиялық дайындық. 1слайд<br>Мынау – менің жүрегім,<br>Бәрі осыдан басталған.<br>Мынау – басым ақылды<br>Бәрін осы басқарған.<br>Мынау – оң қолым,<br>Мынау – сол қолым,<br>Барлық істі атқарған<br>Ондай болса, сабаққа бар күш – жігерімізді жинап кірісейік.<br>Оқушыларды топқа бөлу, топ ережелерін еске түсіру</td></tr>
<tr><td>СТО сұрақтары</td><td>Сабақ барысында жасаған мұғалім мен оқушының іс-әрекеті</td></tr>
<tr><td>Сабақтың маңыздылығы не?<br>-оқушылар не алады?<br>-бұрынғы білімін қалай пайдалана алады?<br>-өмірден алған тәжірибесінің әсері?<br>-сабақтың болашақта оқушыға қандай пайдасы бар?</td><td>-оқушыларды ой қозғау арқылы тақырыпқа әкелу<br>-тақырып жайлы бұрынғы білетіндерін анықтау, соған сүйену жолдарын табу<br><u>1/1 Слайд</u> Үй тапсырманы тексеру. Тарауды қайталау. Пысықтау<br>Үйге берген тапсырманы қайталау.<br>ІІІ. Ой қозғау. Сұрақтарға жауап беру: (Қайталау сұрақтары)<br>Сөйлем қандай ойды білдіреді?/аяқталған/<br>Сөйлем неден құралады?. /сөзден/<br>Сөйлемдегі сөздер қалай жазылады? /бөлек/<br>Сөйлемнің бірінші сөзі қандай әріппен жазылады?/бас әріппен/<br>Сөйлем соңынан қандай тыныс белгісі қойылады? /.!?/<br>Мына тыныс белгілері жайлы не айта аламыз?<br><br>-Балалар, мына заттарды атайық. Оған сөйлем құрайық.<br>Сөздерге сұрақ қойып, жаңа тақырыпқа көшу.<br>Ол үшін алдымен топқа бөлінеміз. Ол үшін /зат есім, сын есім, сан есім, етістік жазылған сөздер бойынша бөлінеді<br><u>Қызығушылығын ояту</u></td></tr>
</table>

| | |
|---|---|
| | ***<u>Слайд</u>*** ***/2мин /***<br>**Мұғалім оқушылармен біріге отырып «Сөйлем мүшелері » деген тақырыпты шығарамыз, қоямыз. /1 мин/**<br>***<u>Слайд</u>***<br>Жаңа тақырыппен таныстыру.<br>-**Не білемін?** Айдары бойынша сөйлем мүшелері туралы білетіндерімізді ортаға салайық..<br>-Сөйлем мүшелері туралы тереңірек білгілерің келе ме?<br>***<u>Мағынаны тану</u>***<br>**Оқулықпен жұмыс**<br>А) 1-тапсырма: мәтінді түсініп оқу, әр топқа бір сөйлемнен:<br>-Сөйлемдегі әрбір сөзге сұрақ қой, неше сөзден құралғанын анықта<br>Ә) 2-тапсырма: Екі заттың атын беремін, Затты суреттеп, оған сөйлем құрап жазады. Рөлдік ойын бойынша бөлімді толықтай түсініп алу, **уақыт сарапшысы-** уақыт қадағалайды, **баяндамашы** - түсінген мәтінді басқа топқа түсіндіреді, **хатшы** - мәтін бойынша ойларын жазады, **көшбасшы** - рөлдерді бөліп, тапсырмаларды үйлестіреді, **суретші** - мәтін бойынша сюжетті сурет салады.<br>Б) Әр топтың баяндамашысы ортаға шығып түсіндіреді.<br>Сұраққа жауап беру:<br>**Сабақта сен сөйлем мүшесі туралы не білдің?**<br>Қосымша мәлімет беріп кету<br>Сөйлем құрамында нақты сұраққа жауап беретін сөздер сөйлем мүшелері деп аталады. Сөйлем мүшелері толық мағыналы сөздер болады. Мысалы**:** **Марал** (кім?) **әңгімені** (нені?) **оқыды** (не істеді?) |

| | |
|---|---|
| |  |
| **Сын тұрғысынан ойлау үшін мүмкіндіктер**<br>-еркін ойлауға қандай мүмкіндіктер жасалды?<br>-өздігінен ізденуге қандай мүмкіндіктер жасалады? | -әрі қарай не болатынына қызықтыру, белсенділіктерін ояту<br>-алатын білімінің пайдалылығына көздерін жеткізу<br>-білімін, ақпаратты жүйелеуге үйрету<br>**Дәптермен жұмыс.**<br>Сөйлемдерді көшіріп жазу, бастауыш пен баяндауышты тауып астын сызу.<br><br>**Сергіту сәті:**<br>**<u>Мақалдағы мамандық иелерінің қимылын көрсету</u>.**<br>Шебердің қолы ортақ.<br>(ағаш шеберінің қимылы)<br>Өнерлінің қолы алтын.<br>(тігіншінің қимылы)<br>Шешен адам «сөз» соғар,<br>Ұста адам «төс» соғар.<br>(ұстаның қимылы)<br>Не ексен, соны орасын.<br>(егінші қимылы)<br><br>**Сөздермен жұмыс. Сөйлем мүшелеріне** |

| | |
|---|---|
| | **бөліп ажырату:**<br>Бала, жасыл, ойнады, кетті, мектеп, тоғыз, он сегіз, оқулық, кітап,<br>Дала, тарақ, секірді. |
| **Мағынаны ажырату сатысы (жаңа ақпарат)**<br>-оқушыларды белсене қатыстыру<br>-стратегияларды жүйелі қолдану арқылы оқушылар-дың жұмысын ұйымдастыру (сауал қоя білу, талдау жасай білу. | ***Жағдаят шешу.***<br>***«Пирамида құрастыру» дидакикалық ойыны***<br><br>***Шығармашылық тапсырма:***<br>***1- топ «мектеп»***<br>*2- топ «ойыншық»*<br>*3- топ «балалар»*<br>*4- топ «оқулық»*<br>өлең шығару |
| **Толғаныс (рефл-я)**<br>-сабақта үйренгендерін бекіту, қолдану жолдарын беру<br>-жаңадан үйренгенін пайдалана отырып, білімін жүйелеу<br>жауап шешімі осыған байланысты жұмыстар беру арқылы түсінік деңгейін тексеру | <u>***III. Ой қорытынды***</u><br><u>***«Мозайка» құрастыру арқылы сабақты қорыту***</u><br>*Әр топ өз ойларын айтады.*<br>*Күнделікті ашайық.*<br>*Тапсырманы тізіп жазайық.*<br>*Тараудан алған білімді*<br>*Ұмытпай есте сақтайық.*<br>*2-жаттығу, 64-бет ережелерді жаттау* |

<table>
<tr>
<td>Бағалау (түрлері)<br>-оқушының өзін-өзі бағалауы<br>-топтың өзін-өзі бағалауы<br>-мұғалімнің бағалауы<br>-жалпы бағалау<br>-критерийлер арқылы бағалау</td>
<td>Слайд Бағалау: /4мин/ Өзін-өзі және достарын бағалау парағы<br>Бағалау парағы: (1-ден 3 –ке дейін ұпай)
<table>
<tr><th>Аты - жөні:</th><th>Үй тап-сырма</th><th>Мазмұн-дау</th><th>Сұрақ-тарға жауап</th><th>Қоры-тынды</th></tr>
<tr><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td></tr>
</table>
</td>
</tr>
<tr>
<td>-сабақты қалай аяқтауды жоспарлау</td>
<td>-өз пікірін дәлелдеумен аяқтауды жоспарладым. Ол сабақта қорытынды шығару емес, үйде жалғастырып ойлау</td>
</tr>
<tr>
<td>Сабақты аяқтау түрлері<br>-бір пікірге келу...<br>-өз пікірін дәлелдеу...<br>-үйде жалғастыру...</td>
<td>Кері байланыс жазу, білімді толықтыру, іздену.<br>45 мин. Сабақтың соңы</td>
</tr>
</table>

## *Синтаксис бойынша тест тапсырмалары*

Дара бастауышы бар сөйлемді белгілеңіз.
A) Талаптыға нұр жауар.
B) Еңбек түбі – береке.
C) Үш салт атты жүріп келеді.
D) Шу өңірі өнімді мол береді.
E) Сегіз қырлы, бір сырлы.
Дұрыс жауап: A
Сөйлем мүшелері құрамына қарай нешеге бөлінетінін көрсетіңіз.
A) 3.
B) 2.
C) 4.
D) 1.
E) 5.
Дұрыс жауап: A
Жасырын тұрған бастауышы бар сөйлемді белгілеңіз.
A) Ол жығылып қалды.
B) Табиғат – біздің досымыз.
C) Марат күліп жіберді.
D) Еңбек етсең, есейерсің.
E) Ол тыңдағанды жақсы көреді.
Дұрыс жауап: D
Бастауыш қызметін атқарып тұрған сан есімді көрсетіңіз.
A) Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар.
B) Сабақты екеулеп оқыды.
C) Қызыл шұбары – он үш.
D) Отыз – онға бөлінеді.
E) Сексенді екіге бөл.
Дұрыс жауап: D
Бастауыш қай сөз табынан екенін анықтаңыз.
Кейбіреулері сәл тоқтады.
A) Зат есім.
B) Сын есім.
C) Есімдік.
D) Етістік.
E) Одағай.
Дұрыс жауап: C

Бастауыш қызметін атқарып тұрған етістікті көрсетіңіз.
A) Бұл – Еркебұлан сөзі.
B) Кешікпей Абайлар да аттанды.
C) Келгендер – осы ауылдың адамдары.
D) Орамалың бар ма?
E) "Тұр орныңнан," – деп әмір етті.
Дұрыс жауап: C
Бастауыш қызметіндегі есімшені табыңыз.
A) Ол – күлдіргі бала.
B) Оқыған озады.
C) Мақсат ән айтты.
D) Армансыз адам болмайды.
E) Арманға жету керек.
Дұрыс жауап: B
Есімдіктен болып тұрған бастауышты анықтаңыз.
A) Маған сыйлық әкелді.
B) Мен еңбекті бағалаймын.
C) Ана сүтін ардақта.
D) Оның төрттен бірін ал.
E) Сыйлық бәріне жетті.
Дұрыс жауап: B
Үйірлі бастауышты табыңыз.
A) Омар және Арман қырман басында жүр.
B) Күле беру – ыңғайсыз.
C) Жұмысы жоқтық аздырар адам баласың.
D) Өзіміз де жүргелі отырмыз.
E) Тыңдау – мәдениеттілік белгісі.
Дұрыс жауап: C
Жалпылау есімдігінен болған бастауышты табыңыз.
A) Бәріміз уәдені орындадық.
B) Жата-жастана айтарсыз.
C) Мен ертең келемін.
D) Қашан келесіңдер?
E) Біз тез келдік.
Дұрыс жауап: A
Жалқы есімнен болған бастауышты белгілеңіз.
A) Жиырма – тақ сан.
B) Сара қуанды.

C) Ол сүрініп кетті.
D) Поезд уақытында келді.
E) Орындық әкеленді.
Дұрыс жауап: В
Үйірлі бастауышты көрсетіңіз.
A) Омар және Арман қырман басында жүр.
B) Күле беру – ыңғайсыз.
C) Билеті барлар орындарына жайғасты.
D) Өзіміз де жүргелі отырмыз.
E) Тыңдау – мәдениеттілік белгісі.
Дұрыс жауап: С
Тек тұрлаулы мүшелерден тұрған сөйлемді белгілеңіз.
A) Атың әдемі екен.
B) Оның өзі шеткерірек тұр екен.
C) Көп ұзамай жауын басылды.
D) Өңі алабұрта күрең тартқан.
E) Бүгін сабақта Әмір жоқ.
Дұрыс жауап: А
Үйірлі баяндауышты белгілеңіз.
Есті адамдарда бар қасиет – уайым жеу.
A) Есті.
B) Адамдарда.
C) Бар.
D) Қасиет.
E) Уайым жеу.
Дұрыс жауап: Е
Зат есімнен болған баяндауышты көрсетіңіз.
Сендер өмірдегі ең бақытты адамсыңдар.
A) Сендер.
B) Өмірдегі.
C) Ең.
D) Бақытты.
E) Адамсыңдар.
Дұрыс жауап: Е
Бастауыш пен баяндауыштың арасына қойылған сызықшаны белгілеңіз.
A) Еңбек - өмір рахаты.
B) Олар бір-бірлеп келе бастады.

C) Үйде екі-ақ адам отыр.
D) Телефон-автомат бұзылып қалыпты.
E) Ол мәселені шешіп кетті.
Дұрыс жауап: А
Анықтауыш қатысып тұрған сөйлемді табыңыз.
A) Білімдіден шыққан сөз талаптыға болсын кез.
B) Іздеген жетер мұратқа.
C) Тау жақтан баяу жел еседі.
D) Әбіштен келген екен.
E) Жауын сіркіреп тұр екен.
Дұрыс жауап: С
Толықтауыш қатысып тұрған сөйлемді белгілеңіз.
A) Сәуле кеше келді.
B) Алатау - әсемдіктің символы.
C) Ол шешесіне хат жазды.
D) Сымбат – үлгілі қыз.
E) Баласы тиянақты екен.
Дұрыс жауап: С
Пысықтауыш қатысып тұрған сөйлемді анықтаңыз.
A) Асқар тауды кеуделеп жүріп келеміз.
B) Жас мұраты – білім.
C) Ауыл ақсақалы жастарға алғыс айтты.
D) Омар жолдасымен кездесті.
E) Тақырыбы дұрыс емес.
Дұрыс жауап: А
Оңашаланған айқындауышы бар сөйлемді табыңыз.
A) Отарбай, жас мұғалім, сабақты жақсы өткізді.
B) Оспан – Амангелді батырдың жолдасы.
C) Бұл жорыққа Барақ батыр қатысады.
D) Қаз дауысты Қазыбек би – орта жүздің биі.
E) Абылай хан – үш жүзді біріктірген хан.
Дұрыс жауап: А
Оңашаланған айқындауышы бар сөйлемді белгілеңіз.
A) Уақыт біз үшін, еңбек адамдары үшін, істейді.
B) Айқындық – сөздің басты артықшылығы.
C) Бұл жорыққа Барақ батыр қатысады.
D) Қаз дауысты Қазыбек би – орта жүздің биі.
E) Абайдың терең мәнді бейнелі сөздері ел ішінде мақал болып

кеткен.
Дұрыс жауап: A
Бірыңғай мүшелі сөйлемді белгілеңіз.
A) Мен сендерге көргенімді айтамын.
B) Жел соқпай, құс шуламай – бәрі жым-жырт.
C) Тыңда, дала, Жамбылды.
D) Дүниеде, сірә, сендей жар жоқ маған.
E) Дариға, домбырамды берші маған.
Дұрыс жауап: B
Жақсыз сөйлемді табыңыз.
A) Ауылдың малы өсті.
B) Асан ұйықтап қалды.
C) Досанның тауға барғысы келді.
D) Бұл – үлкен сыйлық.
E) Ермек өте жақсы оқиды.
Дұрыс жауап: C
Сөйлемдер ішінен жақсыз сөйлемді табыңыз.
A) Мен оны тыңдадым.
B) Сен оны ұнатпайсың.
C) Менің тыңдағым келеді.
D) Көп оқисың.
E) Емтиханға барамын.
Дұрыс жауап: C
Жақсыз сөйлемді табыңыз.
A) Менің оқуға түсуім керек
B) Ұлжан ойлана қарап отыр.
C) Асан әдемі.
D) Олар келді.
E) Айнаш күлді.
Дұрыс жауап: A
Сөйлемдер ішінен жақсыз сөйлемді белгілеңіз.
A) Мен елдің жіберген емшісімін.
B) Ол еш уақытта қуанған емес.
C) Кімнің кетіп жатқанын біліп болмайды.
D) Ораз отыр.
E) Бақыт кеше келді.
Дұрыс жауап: C

Жақсыз сөйлемді анықтаңыз.
A) Сәуле кешікті.
B) Алтын асылдығымен қымбат.
C) Алматы көркеюде.
D) Ұялмас бетке талмас жақ беру керек.
E) Көп тыңда, аз сөйле.
Дұрыс жауап: D
Жақсыз сөйлемнің жасалу жолдарына ықпал ететін жұрнақтар.
A) –қы, -кі, -ғы, -гі.
B) –а, -е, -й.
C) –атын, -етін.
D) –лы, -лі.
E) –да, -де
Дұрыс жауап: А
Баяндауыштың бір өзі сөйлемге негіз болатын жай сөйлемнің түрін белгілеңіз.
A) Жақсыз сөйлем.
B) Құрмалас сөйлем.
C) Жай сөйлем.
D) Толымды сөйлем.
E) Жақты сөйлем.
Дұрыс жауап: А
Жақты сөйлемді көрсетіңіз.
A) Енді сізге айтуға тура келді.
B) Біздің ашық сөйлесуіміз керек.
C) Ол дос жүрегіне сенеді.
D) Нені айтып отырғанын түсініп болмайды.
E) Менің айтқаным келді.
Дұрыс жауап: С
Жақты сөйлемді көрсетіңіз.
A) Оның Абайды білгісі келді.
B) Енді сізге айтуға тура келді.
C) Біздің ашық сөйлесуіміз керек.
D) Ол дос жүрегіне сенеді.
E) Нені айтып отырғанын түсініп болмайды.
Дұрыс жауап: D
Жақсыз сөйлемнің анықтамасын көрсетіңіз.
A) Бір ғана сөзден жасалса.

B) Іс, оқиғаны баяндамай, атап қана тұратын сөйлем.
C) Сөйлемнің оқшау келетін түрі.
D) Баяндауыштың өзі сөйлемге негіз болатын түрі.
E) Ойға қатысты сөйлем мүшелерінің қатысуы.
Дұрыс жауап: D
Жалаң сөйлемді көрсетіңіз.
A) Талай сырды атқардық.
B) Мен елдің елшісімін.
C) Рахмет күлді, қуанды.
D) Біздің замандасымыз қандай екен?
E) Қазақтың осынысы ұнайды.
Дұрыс жауап: C
Жайылма сөйлемді көрсетіңіз.
A) Мен кетіп барамын.
B) Сендер қараңдар.
C) Үй жап-жарық.
D) Ол өте көркем жігіт.
E) Айдала.
Дұрыс жауап: D
Атаулы сөйлемді анықтаңыз.
A) Сені тексергім келіп тұр.
B) Тәңірберген осы жолы үндемеді.
C) Айсыз қараңғы түн.
D) Инабаттылықты қастерлейік.
E) Еңбек етсең, емерсің.
Дұрыс жауап: C
Толымды сөйлемнің анықтамасын көрсетіңіз.
A) Бастауышы бар, баяндауышпен қиыса байланысқан сөйлем.
B) Бастауышы жоқ сөйлем.
C) Ойға қатысты сөйлем мүшелері қатынасқан сөйлем.
D) Ойға қатысты сөздің толық берілмеген сөйлем түрі.
E) Тек бастауыш пен баяндауыштан құралған сөйлем.
Дұрыс жауап: C
Атаулы сөйлемді табыңыз.
A) Бұрқыраған ақ қар.
B) Беті албыраған қыз келді.
C) Сулы жерде шөп өседі.
D) Көрмегеніңді көрдің.

E) Өркенің өссін.
Дұрыс жауап: A
Толымды сөйлемді анықтаңыз.
A) Күздің суық түні.
B) – Жоқ.
C) Келгеніне екі сағат өтті.
D) – Сен түс көрдің бе, жаным?
E) – Иә.
Дұрыс жауап: D
Атаулы сөйлемді көрсетіңіз.
A) Бала күнім.
B) Төле би кім болады?
C) Негметжан! – деді Балуан Шолақ.
D) Ақыры ай туды.
E) Ауа ылғал тарта бастаған сияқты.
Дұрыс жауап: A
Ыңғайлас салаластың ішіндегі қайталанбай келетін жалғаулықты атаңыз.
A) Да, де.
B) Және.
C) Сондықтан.
D) Бірде.
E) Болмаса.
Дұрыс жауап: B
Баяндауыштары тұлғалас, мағыналас болатын салаластың түрін көрсетіңіз.
A) Ыңғайлас.
B) Себеп-салдар.
C) Түсіндірмелі.
D) Қарсылықты.
E) Кезектес.
Дұрыс жауап: A
Тек жалғаулықты болатын салаластың түрін белгілеңіз.
A) Ыңғайлас.
B) Себеп-салдар.
C) Түсіндірмелі.
D) Кезектес.

E) Қарсылықты.
Дұрыс жауап: D
Түсіндірмелі салалас құрмалас сөйлемді табыңыз.
A) Бұл жердің дәнін мен сепкендіктен, өзгеңнен гөрі менің жаным қатты ауырды.
B) Сізден сұрайтынымыз мынау: бізге қамқоршы болыңыз.
C) Олар қыстаудан шықпайды, өйткені төлді қорада ұстау керек.
D) Мал өріске қарай шұбатыла жөнелді.
E) Асқар бұл сұраққа жауап таба алмай, ұзақ үнсіз отырды.
Дұрыс жауап: B
Жай сөйлемдері жалғаулықты шылаусыз байланысатын салалас түрін атаңыз.
A) Түсіндірмелі.
B) Себеп-салдар.
C) Ыңғайлас.
D) Қарсылықты.
E) Кезектес.
Дұрыс жауап: C
Бірінші жай сөйлемде сілтеу мәнді сөздер қолданылатын салалас түрін көрсетіңіз.
A) Себеп-салдар.
B) Кезектес.
C) Қарсылықты.
D) Түсіндірмелі.
E) Ыңғайлас.
Дұрыс жауап: D
Қарсылық салалас құрмалас сөйлемді көрсетіңіз.
A) Құнанбай Ұлжан қасына отырды да, Мәкіш пен Абайдың жүзіне қарады.
B) Сізден сұрайтынымыз мынау: бізге қамқоршы болыңыз.
C) Олар қыстаудан шықпайды, өйткені төлді қорада ұстау керек.
D) Мал өріске қарай шұбатыла жөнелді.
E) Ән басылып қалды, бірақ гитара сазы тоқталған жоқ.
Дұрыс жауап: E
Құрмалас сөйлемді табыңыз.
A) Ол асып та, тасып та сөйлейді.
B) Қарағым, бермен екл.
C) Ақылды қарттан нақыл шығады!

D) Сен, сірə, жексенбі күні келерсің, не дүйсенбі күні келерсің.
E) Ерлік көрсеткен ер болар.
Дұрыс жауап: D
Салалас құрмалас сөйлемнің неше түрге бөлінетінін көрсетіңіз.
A) 2.
B) 3.
C) 4.
D) 5.
E) 6.
Дұрыс жауап: E
Ешқашан қайталанбай бір-ақ рет келетін жалғаулықты көрсетіңіз.
A) Да.
B) Та.
C) Де.
D) Те.
E) Жəне.
Дұрыс жауап: E
Салдар мəнді жай сөйлемі бұрын орналасқан құрмалас сөйлемді анықтаңыз.
A) Қостанайдан шыққалы он күн: біз түнде де жүріп келеміз.
B) Күріш тұқымы суға қолмен себіледі, өйткені тұқым сепкен суға жүре алмайды.
C) Өзгеңнен гөрі менің жаным қаттырақ ауырар еді: бұл егін дəнін қолымнан мен септім ғой.
D) Қазір ол сақалың да қырған, киімін де өзгерткен, сондықтан кескін-кейпі де өзгерген.
E) Қайыр сөзді əрі қарай тереңдеткісі келмеді, сондықтан əңгіме желісін бұрып жіберді.
Дұрыс жауап: B
Себеп мəнді жай сөйлемі бұрын орналасқан құрмалас сөйлемді көрсетіңіз.
A) Сізді ешкім шақырған жоқ, сондықтан сіз бармайсыз.
B) Амалсыз қонуға тура келді, өйткені мезгіл кешкіріп кетті.
C) Мен қорқып тұрмын, неге десеңіз қолың қатты дейді.
D) Тереңге балық уылдырық шаша алмайды, неге десең, онда уылдырық оралатын не балдыр, не шөп жоқ.
E) Кей металдар табиғатта өте аз жəне таза түрінде кездесуі

сирек.
Дұрыс жауап: А
Жалғаулықсыз қарсылықты салаласты көрсетіңіз.
А) Құдайдың қарарынан жалбарынып құтылуға болады, бірақ халықтың қарғысынан ешқашан да құтылуға болмайды.
В) Апай сені елжіретіп сүймейді де, алайда шыж-быж етіп ұрыспайды да.
С) Дүниенің төрт бұрышын тегіс кезіп шығады, бірақ қайда барса да жолы болмайды.
D) Баршагүл сәлем беріп еді, - ол қырын қарап кетті.
Е) Сөз бергенге ерме, бірақ бөз бергенге ер.
Дұрыс жауап: D
Шартты бағыныңқы сабақтас сөйлемді белгілеңіз.
А) Ұлберген кедей болғанмен, киім-кешектерін таза ұстайтын еді.
В) Абай үйге кіргенде, Әбіш бар қағазды оқып шыққан еді.
С) Ол заманда ұл балаға бас кеспесе, қан төкпесе, ат қойылмайтын еді.
D) Бұл күнде Құнанбай өлсе де, құнанбайлық құрымапты.
Е) Мен де алға қарайтынмын, бірақ көзіме ештеңе көрінбейтін.
Дұрыс жауап: С
Тыныс белгісі дұрыс қойылған төл сөзді табыңыз.
А) Ол: “Батыр хал қалай?” деді.
В) Ол, Батыр, хал қалай? деді.
С) Ол: “Батыр, хал қалай?” – деді.
D) Ол: Батыр, хал қалай – деді.
Е) Ол “Батыр, хал қалай?” – деді.
Дұрыс жауап: С
Тыныс белгісі дұрыс қойылған төл сөзді көрсетіңіз.
А) “Көлтауысар, көлдің суын құрт,” – деді Төстік.
В) “Көлтауысар, көлдің суын құрт”- деді Төстік.
С) “Көлтауысар, көлдің суын құрт” деді Төстік.
D) Көлтауысар көлдің суын құрт – деді Төстік.
Е) “Көлтауысар, көлдің, суын құрт” – деді Төстік.
Дұрыс жауап: А
Тыныс белгісі дұрыс қойылған төл сөзді көрсетіңіз.
А) Абай былай деді: “Баланың жақсысы – қызық, жаманы - күйік”.
В) Абай былай деді “Баланың жақсысы – қызық, жаманы - күйік”.

C) Абай былай деді – Баланың жақсысы – қызық, жаманы – күйік.
D) Абай былай деді – “Баланың жақсысы – қызық, жаманы - күйік”.
E) Абай былай деді “Баланың жақсысы қызық, жаманы күйік”.
Дұрыс жауап: А
A) “Биік мансап, биік жартас” – деді Абай.
B) “Биік мансап – биік жартас”, - деді Абай.
C) Биік мансап – биік жартас – деді Абай.
D) Биік мансап, биік жартас, – деді Абай.
E) “Биік мансап, биік жартас”, - дейді Абай.
Дұрыс жауап: B
Тыныс белгісі дұрыс қойылған төл сөзді көрсетіңіз.
A) – Жарқыным жөніңді ұқтыршы, қайда барасың? – деді Мөңке.
B) – Жарқыным жөніңді, ұқтыршы, қайда барасың? – деді, Мөңке.
C) Жарқыным, жөніңді ұқтыршы, қайда барасың? – деді, Мөңке.
D) Жарқыным жөніңді, ұқтыршы, қайда барасың? – деді Мөңке.
E) – Жарқыным, жөніңді ұқтыршы, қайда барасың? – деді Мөңке.
Дұрыс жауап: E

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1.Қазақ  тілі . 8-сынып. С. Аманжолов, 2004 ж.
2.Диктанттар мен мазмұндамалар жинағы.
3. Ишмұхамедов Ә. Қызықты грамматика. 1995 ж.
4.Қазақ тілі. «Шың - Кітап», 2007 жыл.
6.Оқушы  анықтамасы «Қазақ  тілі»
7.Қазақ  тілі. 8-сынып,  1997
8.Т.Жанұзақов Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі «Дайк-Пресс», 2008

# МАЗМҰНЫ

Түсінік хат........................................................................................4
Күнтізбелік-тақырыптық жоспар..................................................8
Қысқа мерзімді сабақ жоспары.....................................................10
Синтаксис бойынша тест тапсырмалары.....................................48
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.................................................60

***ҰСЫНЫСТАР ҮШІН***

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ**
**«ИННОВАЦИЯ» ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫ**

**РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН**
**УЧЕБНО-МЕТОДИЧЕСКИЙ ЦЕНТР «ИННОВАЦИЯ»**

Электронная почта: **qazinnovation@mail.ru**

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ**
**«ИННОВАЦИЯ» БАСПА ҮЙІ**

**РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН**
**ИЗДАТЕЛЬСТВО «ИННОВАЦИЯ»**

Электронная почта: **innovation.kz@bk.ru**